

Тринитротолуолдың Украинадан Тәжікстан Республикасына Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 5 шілдедегі N 728 Қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Украинадан Тәжікстан Республикасына 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 147 келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатура мен мөлшерде "Химзауыт" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Тәжікстан Республикасы) үшін "Заря" Рубежное қазыналық химия зауыты (Рубежное қаласы, Украина) жеткізетін тринитротолуолдың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеденкомитеті, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі тринитротолуолдың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін заңнамада белгіленген тәртіппен бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 5 шілдедегі
N 728 қаулысына

қосымша

"Химзауыт" ашық үлгідегі акционерлік қоғамы (Исфара қаласы, Тәжікстан Республикасы) үшін "Заря" Рубежное қазыналық химия зауыты (Рубежное қаласы, Украина) жеткізетін тауарлардың мөлшері

	Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды	Саны	Бірлік үшін А Қ Ш	Тран- зитті жүзеге асыру мерзім-

P/c N			Өлшем бір- лігі		долларымен бағасы	А Қ Ш доллар-ымен кұны	дері (тоқ- сан)
1.	Тринитротолуол	290420100	тонна	250	670	167500	II
2.	Тринитротолуол	290420100	тонна	250	670	167500	III
3.	Тринитротолуол	290420100	тонна	500	670	335000	IV
	Жиыны:		тонна	1000	670	670000	

Жөнелту бекеті: Рубежная станциясы, Дон темір жолы (Украина).
Жеткізу бекеті: Исфара станциясы, Тәжік темір жолы (Тәжікстан Республикасы).
Шекаралық өтпелі бекеттер: Озинки станциясы - Шеңгелді станциясы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ